

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Есімов Қ.А. Қазақ халқының ірі мемлекет қайраткері, ойшыл кемеңгері. //Қазақстан тарихы мен этнологиясының мәселелері. «Тәуелсіз Қазақстанға 10 жыл: тарихы және даму перспективалары» атты аймақтық ғылыми-теориялық конф. материалдары. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. – 250 б.
2. Әбжанов Х.М. Қазыбек би және қазақ мемлекеттілігін нығайту. //Қазақ мемлекетін құрудағы Қазыбек бидің ролі. Аймақтық ғыл-прак. Конф. Еңбектері. – Қарағанды: ҚарМТУ, 2012. – 156 б.
3. Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы, 2004. 126 б.
4. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 2-кітап (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі) – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 324-б.
5. Есімов Қ.А. Қаз Дауысты Қазыбек – ұлы би, дипломат, ойшыл (1667-1764). //Қазақ мемлекетін құрудағы Қазыбек бидің ролі. Аймақтық ғыл-прак. Конф. Еңбектері. – Қарағанды: ҚарМТУ, 2012. – 156 б.

«Мәңгілік Ел» идеясының тарихи бастауы

Ускембаев К.С. т.ғ.к., доцент

Ыбырайхан М.Ы., тарих магистры, оқытушы

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Тарих факультеті, Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасы, Қарағанды қ., marat_19.93@inbox.ru

Елбасының 2012 ж. желтоқсандағы жолдауы қазақ халқының жадында ерекше сақталды. Себебі, бұл жолдауда еліміздің жаңа жеңгейге көтерілгені айтылып, жаңа стратегия қабылданды. Бұл стратегия «Қазақстан-2050» бағдарламасы болатын. Бағдарлама бойынша еліміз әлемнің алдыңғы қатарлы 30 елінің арасына енуі керек. Әрине, бұл міндетті жүзеге асыру оңай емес. Аса зор міндеттер жүктелген бұл стратегияның түпқазығы «Мәңгілік Ел» идеясы болып табылады. Ал, ұлы идеяның тарихи негізі түркі дәуіріндегі данағөйлердің ойларынан бастау алады.

Ежелгі түрік жазба ескерткіштері бұл бабаларымыздың бізге қалдырған мәңгілік өшпейтін мұрасы. Бұл мақалаға негіз болған руна жазуларындағы тәуелсіздік идеясы, ел мұраты ғасырлар бойы өз мәнін жоймақ емес. Ұлы Түрік қағанатының шынайы шежіресі, таңғажайып тарихы бұдан он үш ғасыр бұрын қағазға емес, құлпытастарға қашап жазылған. Оны жазған Түрік қағанатының қабырғалы бектерінің бірі, өз дәуірінің кемеңгер ойшылы, шешендік сөздің жүйрігі, ұлы ақын Йоллығ тегін еді. Йоллығ тегін шынайы тарихи тұлға, ақын болған, өз ажалымен 739 жылы қайтыс болған [1, б. 38]. Бүкіл түркі елін егемендік пен азаттыққа, ерлік пен бірлікке үндейтін бұл ескерткіштердің әрбір әрпі мәңгі өшпестей етіліп үлкен-үлкен құлпытастарға қашалып жазылған. Демек, бұл дастандар бұдан он үш ғасыр бұрын Түркі мемлекетінде болған сан қилы оқиғаларды бүгінгі күнге ешбір өзгеріссіз, айна-қатесіз күйінде жеткізіп отыр. Түрік жазба ескерткіштері көшпелілерді жабайы, тағы деп есептейтін еуроцентристік көзқарасқа нағыз соққы болып табылады. Шын мәніндегі бұл ескерткіштердің маңыздылығы біздегі жоғар мәдениетті бар әлемге паш етіп, көшпелілерде өзіндік жазудың болғандығын айғақтайды және осы фактіні қазақ халқының мақтаныш етіп айтуына толықтай мүмкіндік береді. Бұл мақалада түрік жазба ескерткіштерінің ішіндегі Күлтегін, Тоныкөк жырларындағы тәуелсіздік идеясы, отан деген қастерлі ұғымды қадірлеп, ел-жұртына қамқор болу пікірлері қарастырылған. Бұл мәселелер қазіргі қоғамда да өзектілігін жойған жоқ. Қоғамды бірлікке, жастарды отансүйгіштікке бастайтын бірден-бір жол түркі дәуірінен бастау алып, бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қазақстан қоғамын бірлік пен бейбітшілік, еңбек пен ел ертеңі жастардың қоғамы ретінде құруға шақырып отыр. Елбасының идеялары ата-бабаларымыздың сан-ғасырлық арман-мұратын жүзеге асыру болып табылады.

Күлтегін 685-731 жылдары өмір сүрген тарихи тұлға болып табылады. Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның туған інісі. Шешесі Елбілге қатұн. Он алты жасынан бастап оғыз, қытан, қытай, татаб, қырғыз, түргеш, соғды т. б. елдерге жорық жасаған. Өзі қаған болмаса да дарынды әскери қолбасшылығымен, көреген саясаткерлігімен ел алдында ерекше абыройлы болған [2, б. 59]. Күлтегін қазіргі жыл санау бойынша 9 желтоқсанда дүниеден озған. Тарихи ескерткіш 732 жылы қазанның 19-ы ашылған. Тасқа жазуды табғаш(қытай) шеберлері жазған [3, б. 148]. Ескерткіш кіші және үлкен жазудан тұрады. **Кіші жазуда:** 1. Халыққа үндеу. 2. Түрік қағанатын сипаттау. 3. Әскери жорықтар. 4. Табғаштардың түрік халқын ыдыратуға талпынысы. 5. Түрік халқының өзін-өзі сынауы. **Үлкен жазуда:** 1. Түрік халқының пайда болуы жайлы. 2. Табғаштардың түріктерді басып алуы. 3. Елтеріс тұсындағы халықтың бай-қуатты тұрмысы. 4. Қапаған және Білге қаған жайлы. 5. Күлтегіннің жорықтары.

Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен [4, б. 30].

Бұл Күлтегін ұстынының кіріспесі. Мұнан кейінгі жолдар сол кездегі тарихи оқиғалардан хабар береді.

Соңындағы інілері қаған болды,
Ұлдары да қаған болды.
Соңындағы інісі ағасындай болмады.
Ұлдары әкесіндей болмады.
Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен.
Әміршілері де біліксіз екен.
Жалтақ болған екен.
Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының алдауына сенгендігінен.
Арбауына көнгендігінен,
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бекті халқының жауласқандығынан
Түркі халқы елдігін жойды [5, б. 170].

Қытайлықтардың түрлі сыйлықтармен алдауы, ішкі алауыздықтың себебінен түркілер елу жылға бағынышты халыққа айналады.

Қағандығынан айрылды;
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.
Түркі бектер түркі атын жоғалтып,
Табғаш бектердің табғаш атын тұтынып,
Табғаш қағанға бағынды,
Елу жыл ісін күшін берді.

Бірақ осы аса бір тарихи маңызды сәттегі, мемлекетті елдің игі жақсылары сатып кетіп жатқан уақыттағы, халық рухының күштілігіне мына жолдар дәлел бола алатындай.

Күллі түркі халқы былай десті:
«Елді халық едім,
Елім қазір қайда?
Кімге ел-жұрт іздермін?»-десті.

Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым берермін?-десті»
Осылай деп табғаш халқына жау болды.

Түркі халқы тәуелсіздік қадірін шын мәнінде түсіне білген. Себебі, тарих үшін қысқа уақыт аралығында, яғни бірнеше онжылдықтар аясында өз тәуелсіздігін алып, дамудың жоғары деңгейіне жетіп, аса зор территориялық аумақты жаулап ала отырып, ел егемендігін қайта жоғалтып отыру осы бір ұғымның қадір-қасиетін жете түсінуге себепші болған болуы керек. Сонымен қатар жыр барысында елдің елдігі үшін аса қажет ұғымдар жайлы айтылады.

Түрік, оғыз бектері, халқы, естіндер!
Жоғарыда тәңірі баспаса,
Төменде жер айрылмаса,
Түрік халқы, еліңді, төріңді кім құртады?
Ынтымақ!

Түрік халқы, өкін!
Топтасқандығың үшін игі еткен еді.
Білікті қағаның болғандай-ақ болып еді.
Бар еді.

Жақсы еліңе кінәлісің, жаңылдың, күнәға баттың.
Қарулылар қайдан келіп, сені жайратты.
Сүңгілілер қайдан келіп, сені тұралатты.

Яғни, ел болу үшін, елдікті сақтау үшін ер бабаларымыз бірліктің, ынтымақтың аса қажеттігін баса айтуда. Егер ауызбіршілік болмаса кез-келген жауың тұралатып кететіндігін бізге өсиет етуде. Олардың көрегендігі осының барлығын сонау VIII ғасырдың өзінде-ақ айтып өткен. Өтүкен қойнауында отырсаң,

Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен,
Түркі халқы тоқ.

Аштықта тоқтықты түсінбейсің.
Бір тойсаң, аштықты түсінбейсің.
Сондығың үшін алдандың,
Қағаның тілін алмадың,
Жер-жерге бардың,
Әбден алқындың, арыдың

Халық астамшылыққа бой ұрмай, барын қанағат қылып, болашақты ойлау керек дегенді меңзейді бұл жолдар. Жалпы, түрік жазаба ескерткіштеріндегі жырлар, оның әрбір әрпі болашақ ұрпаққа жолдау деп ұғынған дұрыс. Себебі онда көтерілген мәселелер ешқашан өз мәнін жоймайтын мәңгілік елдік, тәуелсіздік мәселелері. Сондықтан да олар бабалар өсиеті ретінде мәңгілік және халық арасына кең көлемде насихатталуы керек. Бұл Күлтегін жырынан келтірілген мысалдар. Енді азды-көпті Тоныкөк жыры жайлы. Тоныкөк 646-732 жылдары өмір сүрген. Елтеріс, Қапаған, Білге қағандардың тұсында кеңесші, ақылгөйі болған. Білге қағанның қайын атасы. Елтерістің інісі Қапаған қаған(қытай деректерінде Мочжо) мен Білге қаған тұсында қытай, оғыз, татаб, қырғыз, түргеш, соғды, т. б. елдерге жорық жасаған.

Білге Тоныкөк, мен өзім, табғаш елінде тәрбиелендім.

Түркі халқы табғаштарға кіріптар еді.
Түркі халқы, қағаны болмай,
Табғаштардан ажырады, қағанды болды.

Қағанын тастап,
Табғашқа қайта бағынды.
Тәңірі былай деген екен:

Қаған бердім,
Қағаныңды тастап, бағындың.

Бағынғаның үшін
Тәңірі сені өлімші етті.
Түркі халқы қырылды,
Әлсіреді, жойылды.

Түркі-сір халқы жерінде тірлік қалмады.

Жыр Қытай елінде оқып, тәрбиеленсе де өз елінің патриоты болып қалып, халқының бостандығы мен өркендеуі үшін аянбай қаны мен терін төккен Тоныкөк жайлы. Келтірілген үзіндіде өз қағанын тастап, өз тәуелсіздігін Қытайға қиған түркі елі жайлы айтылып тұр. Жыр жолдары түркілердің дүниетанымынан да хабар береді. Яғни, өз елбасын, елін сатқан ел тәңірі қаһарына ұшырап жазаланады деген ойды білдіреді.

Жұқаны таптау оңай.
Жіңішкені үзу оңай.
Жұқа қалыңдаса,
Оны тек алып таптайды.
Жіңішке жуандаса,
Оны тек алып үзеді.

Түркі халқына бірлік, ынтымақ керек екенін меңзейтін жолдардан Әнес бабаның айтқан өсиеттерімен сабақтастық, үндестік табамыз. Бұл мәңгілік тақырыптар әр уақытта көрініс беріп отырғанын осыдан байқауға болады.

Мен, білге Тоныкөкпін.
Алтын қойнауын асып келдік,
Ертіс өзенін кешіп келдік.
Кім келсе де батыр,-дедім,
Олар бізді білмейді.
Тәңірі Ұмай, қасиетті жер-су
Жеңіс берген екен,
Көп екен деп неге қашамыз,
Азбыз деп неге қорқамыз.
Неге басындырамыз?
Шабамыз,... дедім.
Шаптық. Қудық [6, б. 78].

Бабаларымыздың ерлігін, өрлігін көрсететін осы жолдардан батырлар жырының сипатына қарай жақын көріністерді байқауға болады. Сонымен қатар:

Көрер көзім көрместей болды,
Білгір ақылым білместей болды.
Жылай-жылай жұртымның
Қасы-көзі әз болар деп қайғырдым
Ал, Қобыланды батыр жырында:
Жайықтың суы лай-ай,
Көр болды көзім жылай-ай

Бұл жолдар көне түрік жазбалары мен батырлар жыры арасындағы ұқсастықты өзі-ақ көрсетіп тұр.

Сонымен, Күлтегін мен Тоныкөк ескерткіштері өзінің жазылу стилі, көркемдік тәсілдері, композициялық құрылымы, идеялық мазмұны жағынан бір-біріне өте ұқсас. Егер Күлтегін жырында түркі елінің белгілі бір соғыстағы жеңісіне себеп болған негізгі нәрсе-Күлтегін батырдың ерлігі деп көрсетілсе, ал Тоныкөк жырында автор дәл сол жолғы шайқаста жеңіске Тоныкөктің ақыл-айласы арқасында ғана жетті деп көрсетеді. Бұл жырдың басты қаһарманы батыр емес, бүкіл түркі елінің дана қарты, тіпті Білге қаған мен Күлтегіннің әкесі Елтеріс қағанға да кезінде ақылгөй болған Тоныкөк қарт. Сондықтан бұл жырда уағыз-өсиет, нақыл сөздер көбірек ұшырасады. Тоныкөк жыры да көлемді. Ол 313 өлең жолынан тұрады. Мұның өзі құлпытаста 62 руналық жазу жолына сыйып тұр. Күлтегін жырындағы секілді мұнда да әрбір цикл үш элементтен: оқиғаның басталуы, оқиға желісінің

өрістеуі, қорытынды бөлімнен тұрады [7, б. 101]. Екі ескерткіштің үндестігі мен сабақтастығы айқын. Ондағы жолдар бір мақсат пен мүддені көздеген ел басшылары жайлы және бір заманның, бір тарихи формацияның ішіндегі оқиғалар жайлы ақпарат береді.

Қорытындылай айтар болсақ, бұл жазба ескерткіштердегі жырлар тарихи фактілер тізбегі ғана емес, ежелден еркіндік аңсаған түркі халқының бақытты өмір жайындағы арман-қиялын, тәуелсіздік үшін сан ғасырлар бойы жүргізіп келген ерлік күресін, кескілескен шайқастарда қол бастаған хас батырларын жыр еткен батырлық эпосының алғашқы үлгілері деп таныған жөн сияқты. Мәңгілік бабалар өсиетін оқып, танып өскен жас ұрпақ өз елінің шынайы патриоты болары анық. Тәуелсіздік, елдік, ел ынтымағы идеялары негіз болған осы ескерткіштер қазақ үшін ерекше қасиетті, маңызы аса жоғары. Бірақ бұл жырлар біздің тарих үшін ең көне жазба ескерткіш, жыр үлгілері емес, бұдан да ертерегі, көнесі бар екенін ескеруіміз қажет. Сондықтан оны насихаттау басқа мәдени мұраларымызды насихаттаумен тең дәрежеде жүргізілуі қажет. Тек ғылыми әдебиеттер немесе оқулықтар беттерінде емес, баспасөз беттерінде, радио және телебағдарламаларда халыққа кеңінен танылса - бұл патриоттық тәрбиенің негізгі құралы болар еді. Бұл тарихи ескерткіштің VIII ғасырда жазылғанын ескерсек, тарихымыздың қаншалықты терең, қаншалықты бай екендігін айғақтайтыны анық.

Қазақ елінің тарихы тереңде жатыр. Бүгінгі күндегі ұлт мұраты, халық мақсаты болатын идеялар өзге елдердің ұстанымдарынан емес, өзіміздің тарихи негізімізден шығуы тиіс. Дәл осы үрдістің бастамасы бүгінгі күндегі «Мәңгілік Ел» идеясы болып табылады. Идеяның тарихи түп негізін білу, оны халыққа, әсіресе жас ұрпақ арасына жеткізу қоғам үшін аса маңызды. Өз ұлтын сүйетін шынайы азаматтар қазақ тарихының тереңіндегі сырларды біліп, өз ұлтының құнарлы рухани қазынасынан сусындап өсуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жолдасбеков М. Камни заговорили, - Алматы: Атамұра, 2007.- 38 бет.
2. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т 2. Ред Тасмағамбетов И. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.- 59 бет.
3. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары, - Астана: Күлтегін, 2003.- 148-150 беттер.
4. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Ред. Курманғалиева К. Алматы: Мектеп, 1967.- 30 бет.
5. Әдеби жәдігерлер. Т 1. Ред Қорабай С. Алматы: Таймас, 2007.- 170 бет.
6. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері, - Алматы: Мектеп, 1985.- 78 бет.
7. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби ескерткіштер, - Алматы: Алатау, 2003.- 101 бет.

«Ата – баба аңсаған Мәңгілік Ел!»

Хуан Т., Жұманова А.З.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ., Қарағанды қ.

Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-ғайыр алқап көшпелі қазақ жұртының бағзыдан бері ірге тепкен ата-қонысы. Ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы талатын осынау кең даланы біздің ата-бабамыз ғасырлар бойы ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қорғап келді. Осы байтақ жерді мекен еткен халықтың жарқын болашағына бастар жол, тамыры тайпалардан, бертің келе түрік атты ұштасқан ұғыммен бастау алған. Жалпы көне тарихқа көз жүгіртетін болсақ қазақ халқы ерте заманнан қоныстанған және билік жүргізген өңірде сақтардан, ғұндардан, түріктерден қалған аса құнды мұралардың және ескерткіштердің иесі екені жұртқа аян. «Мәңгілік ел» идеясы да осы жерден бастау алады. Бұл идеяны 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауында жария етуі тарих сахнасында өшпес